



Құттықтаймыз!!!

15

Жамбыл жоғары медициналық колледждің ұйымдастыруымен ҚР және ТМД елдері медициналық колледждерінің студенттерімен "Жүрек-қан тамыр жүйесі ауруларының қауіп-қатер факторлары және медициналық-әлеуметтік аспектілері: мәселелері мен шешімдері" тақырыбында on-line тәртібінде өткізілген Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясына колледж студенттері қатысып, М.Лескалиев I дәрежелі, Т.М.Мырзабек, Р.Вердиева II дәрежелі, Л.Айдарова, А.А. Абдалиева III дәрежелі Дипломдармен және Сертификаттармен марапатталды. Жетекшілері: Г.Қ.Септесін, А.М.Даулетов, А.К.Серкебаева, С.Н.Серік, Р.Ж.Мұхажанова.

Сонымен қатар, конференцияны жоғары деңгейде ұйымдастырып өткізгені үшін колледждің әдістемелік кабинет меңгерушісі Ж.Б.Иманбекова, әдіскер Л.Қ.Батаева, үйірме жұмысы төрайымы А.К.Серкебаева, оқытушылар Ж.Б.Мырзагулова, Б.С.Мадимарова, ақпараттық технологиялар орталығының меңгерушісі Д.Е.Тұраров, бағдарламалық қамтамасыз ету маманы А.С.Сұлтанғалиева Алғыс хаттармен марапатталды.



REDOLIMP халықаралық олимпиадасының ұйымдастыруымен колледждің "Акушерия және гинекология" пәнінің оқытушысы Ф.Д.Турмысова қашықтықтағы технологияларды оқу үрдісіне енгізу бойынша «RedOlimp» халықаралық олимпиадасына қатысып, III орын Дипломымен марапатталды.

2021ж. 10-11 сәуір күндері колледждің директоры Ж.Н.Сарыбекованың қаржылай қолдауымен «Емдеу ісі» бөлімі, 417 топ студенті Н.Серікұлы Түркістан қаласында өткен Қожа Ахмет Яссауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінің «IKTU DC» пікірсайыс клубының ұйымдастыруымен болған «Болашағымыз бірлікте IV» Яссауи кубогі республикалық пікірсайыс турниріне қатысып «Ең үздік спикер» атағын иеленді.

Silkway Халықаралық университеті мен Шымкент қаласы ішкі саясат және жастар істері жөніндегі басқармасының ұйымдастыруымен ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойына орай өткен "Тәуелсіз ел тірегі - білімді ұрпақ" атты Республикалық пікір сайыс турнирінде колледждің «Емдеу ісі» бөлімі, 417 топ студенті Серікұлы Н. "Пікірсайыс жанашыры" номинациясын иеленіп, қаржылай сыйлық алды. Сондай ақ турнирдің жоғары дәрежеде өтуіне үлес қосқаны үшін колледж директоры Ж.Н.Сарыбекова Алғыс хатпен марапатталды.



"ZIAT" Ғылыми-әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен "Педагогтың шығармашылық бастамасы" атты VII Республикалық оқытушылар сайысында "Сабақтан тыс іс-шаралар" номинациясы бойынша колледж директорының оқу-өндірістік ісі-жөніндегі орынбасары Қ.Т.Андакулова, колледж оқытушысы С.Г.Бибосынова II орынға ие болып, Дипломдармен марапатталды.



15-сәуір "Қозы Көрпеш - Баян Сұлу" ғашықтар күні мерекесіне орай, Жеңіс саябағында ұйымдастырылған "Ғашықтың тілі - тілсіз тіл" атты байқауда Жамбыл жоғары медициналық колледжінің I курс студенттері А.Сайдуллаев пен А.Оңалбек Бас жүлде иегері атанды.

Көкшетау жоғары медициналық колледжінің ұйымдастыруымен жалпы білім беру пәндер бойынша "Мақсатқа жету жолы" Халықаралық қашықтық олимпиадасына колледж оқытушысы Б.А.Сағындықованың жетекшілігімен студенттері А.Өмірбай, У.С.Бекмуратова қатысып, жоғары оқу-танымдық қабілеттілік танытқаны үшін III дәрежелі Дипломмен; А.Асқарова, Д.Абдибалиев Сертификатқа ие болды.



Қызылорда медициналық жоғары колледжінің ұйымдастыруымен "Педиатриядағы мейіргер ісі" пәнінен ҚР Оңтүстік аймақтық медицина колледждерінің білім алушыларының арасында өткізілген олимпиадаға колледждің 401 топ студенттері қатысып, М.Ф.Куандық, А.М.Әбдібаева, А.Н.Мұхитова жүлделі 1 орынға және Ә.С.Ескалиева, М.Е.Айтқұлова, Г.А.Нургалиева 2 орынға ие болды. Жүлдегерлер Дипломмен марапатталды, сондай ақ олимпиадаға белсенділік танытқаны үшін Жамбыл жоғары медициналық колледж оқытушысы Р.У.Джантасова Құрмет грамотасымен марапатталды.



№8 5 мамыр
2021 жыл бейсенбі

КОЛЛЕДЖ ТЫНЫСЫ

БҮГІНГІ НӨМЕРДЕ

- 1 "Озық әдістемелік қызмет" облыстық байқауы
- 2 Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция
- 3 "Nur Otan" партиясының жиналысы
- 4 1 Мамыр - Қазақстан халқының бірлігі күні
- 5 Педагогикалық кеңес
- 6 Ашық іс-шаралар
- 7 "AntiParaCraft-2021" ойыны
- 8 Мамандармен кездесу
- 9 Психологиялық тренинг
- 10 "Спорт-өмір көркі" атты спорттық би жарысы
- 11 "Чернобыль жаңғырығы" атты танымдық сағаты
- 12 Құқық бұзушылықтың алдын алу
- 13 Қайырымдылық акциясы
- 14 "Спутник-V" вакцинасын алу
- 15 Құттықтаулар !!!



Біздің мекен жайымыз: Тараз қаласы, Ниетқалиев көшесі №20, Жамбыл жоғары медициналық колледжі. Басылым мүшелері: Әдістемелік кабинет, редакциялық коллегия алқасы.

Колледж сайты: <https://hmc.zhambyl.kz>

Колледж әлеуметтік желілері: <https://www.facebook.com/pzhmk>

https://www.instagram.com/zhm_k_zhambyl.kz



№8 5 мамыр 2021 жыл бейсенбі

№8 5 мамыр 2021 жыл бейсенбі

“Озық әдістемелік қызмет” облыстық байқау 1

07.04.2021ж. Жамбыл облысы әкімдігі білім басқармасының "Техникалық және кәсіптік білім беруді дамыту орталығының" ұйымдастыруымен "Озық әдістемелік қызмет" байқауына қатысып, ұйымның оқу-әдістемелік әлеуетін арттырудағы сапалы қызметі үшін Жамбыл жоғары медициналық колледжі ІІІ Дәрежелі Дипломмен марапатталды.

Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция 2

14.04.21 ж. Колледждің базасында «Жүрек-қан тамыр жүйесі ауруларының қауіп-қатер факторлары және медициналық-әлеуметтік аспектілері: мәселелері мен шешімдері» тақырыбында on-line тәртібінде білім беру саласында халықаралық ынтымақтастықты нығайту және бәсекелестікке қабілетті жас ғалымдардың (колледж студенттері) ғылыми-зерттеу жұмысын жандандыру мақсатында халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Конференцияға 5 бағыт бойынша 47 жұмыс ұсынылды, 24 колледжден: Россиядан, Омбы медициналық Университетінің жанындағы колледжден-2, Қырғызстан Республикасының медициналық колледждерінен-5, республиканың 17 колледжінен, оның ішінде 27 баяндама сараптау комиссиясының шешімі бойынша конференцияда тыңдауға ұсынылды. Конференцияны Облыстық денсаулық сақтау басқармасының медициналық көмекті ұйымдастыру бөлімінің басшысы Л.О.Отарбаева мен колледж директоры Ж.Н.Сарыбекова ашып, қатысушыларға сәттілік тіледі.

“Nur Otan” партиясының жиналысы 3

02.04.2021ж. Колледжде онлайн форматта «Nur Otan» партиясы Тараз қалалық филиалы № 10 «Алау» бастауыш партия ұйымның 2018 жылдың қарашасы мен 2021 жылдың сәуірі аралығында атқарған жұмыстары туралы есеп және алдағы кезеңге арналған міндеттер туралы жиналыс өткізілді. №10 «Алау» бастауыш партия ұйымның есеп беру жиналысына бірқатар мекеме кәсіпорындар өкілдері және Тараз қалалық қоғамдық кеңесінің төрағасы С.Ә.Сейдәзімов қатысты.

1 Мамыр - Қазақстан халқының бірлігі күні 4

28.04.2021 ж. Колледждің тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен 1 Мамыр - ынтымақ, бірлік мерекесіне орай мейіргер ісі 208 топ студенттерімен «Под одним шаныраком» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.

Педагогикалық кеңес 5

03.05.2021ж. Колледжде On-line режимінде педагогикалық кеңес өткізілді. Күн тәртібі:
1. Жаңартылған білім беру бағдарламасын оқу процессіне енгізу. *Жауапты: Турсынбаева Р.К.*
2. «Емдеу ісі» мамандығында «Балалар аурулары» пәнінің оқытылуы мен білім сапасы. *Жауапты: Ескебекова З.С.*
3. «Мейіргер ісі» мамандығы бойынша «Анатомия, физиология және патология» пәнінің оқытылуы мен білім сапасы. *Жауапты: Айдралиева А.Б.*
4. Кредиттік модульдік оқыту технологиясы бойынша құжаттарды толтыру және жүргізу сапасы. *Жауапты: Иманбекова Ж.Б.*
5. «Лабораториялық диагностика» мамандығы бойынша облыс мектептерінде кәсіптік бағыт беру жұмыстарын жүргізу. *Жауапты: Андақұлова К.Т.*
6. Әр түрлі сұрақтар.

Ашық іс-шаралар 6

15.04.2021ж. №1 жалпы кәсіптік пәндер циклдық әдістемелік комиссиясының оқытушысы Н.Б. Бердіш 213ЕФ-11/19 топ студенттерімен Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылған, «Абай мұрасы-халық ұлағаты» тақырыбында колледжішілік ашық тәрбие сағатын өткізді.

26.04.2021ж. №1 жалпы кәсіптік пәндер циклдық әдістемелік комиссиясының оқытушысы Г.Б.Таңат "Емдеу ісі" мамандығы, "Акушер" біліктілігі, 120ЕА-11/20 топта жалпы патология пәнінен "Жүрек-қан тамыр жүйесінің патологиясы" тақырыбы бойынша ашық сабақ өткізді.

“AntiParaCraft-2021” квест ойыны 7

19.04.2021 ж. Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы және ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Жамбыл облысы бойынша департаментінің қолдауымен колледждің «Саналы ұрпақ» студенттер клубының ұйымдастыруымен «AntiParaCraft-2021» оқытушылар мен студенттер квест-ойыны өткізілді. Ойын нәтижесінде «Фристайл» тобы Бас жүлде иеленсе, «Респект» тобы «Үздік тапқырлар» номинациясы, «Креатив» тобы «Үздік ұйымшыл» номинациясына ие болды.

Мамандармен кездесу 8

8.04.2021 ж. Колледждің тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен "Адам саудасы - аңыз емес" тақырыбында Психолог-консультант, тренер В.А.Алимханова, "Жамбыл облысы Азаматтық Альянсы" заңды тұлғалар бірлестігінің заңгері А.Ю. Зайнутдинов және "Нығмет нұры" қоғамдық бірлестігінің басшысы Ш.Б.Сүйімқұлдың қатысуымен кездесу ұйымдастырылды.

14.04.2021 ж. Тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен "Ардагерлер үйі"-Р.А. Адилова, "нибатулла Тарази" мешітінің ұстазы Г.С. Алдасаева, "Әжелер алқасының" төрайымы Ж.Ж. Жұмабаева, "Аналар алқасы" төрайымының орынбасары Н.К. Оспанбекова және "Аналар алқасы" хатшысы Х.А. Оспановалар "Әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау" тақырыбында колледж студенттерімен (қыздармен) кездесіп, түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

19.04.2021 ж. Колледждің тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен Наркобекет комиссиясының жетекшісі А.Б. Султанаева Жамбыл облыстық психикалық диспансерінің маманы Л.Д. Омарова «Салауатты өмір салты- бұл сәнді» деген тақырыпта 115 топтың студенттеріне дәріс оқып, бейнероликтер көрсетті.

Психологиялық тренинг 9

22.04.2021ж. Колледжде тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен «Жүректен шыққан жылы сөз жүрекке жетеді» тақырыбында студенттермен тренинг өткізілді. Мақсаты: студенттер арасындағы қарым-қатынасты нығайту, өзін-өзі тану, құрметтеу, өзін еркін сезінуге көмектесу, психикалық көңіл-күйлерін көтеріп, сыйластық қарым-қатынасын орнату. Қатысқандар: 105 топ "Мейіргер ісі" студенттері, колледж психологы: Алимқұлова Т.С.

«Спорт-өмір көркі» атты спорт би жарысы 10

07.03.2021 ж. Колледждің ҚР Тәуелсіздігінің 30 ж. орай және "7 сәуір- Бүкіл дүниежүзілік денсаулық күні" аясында ұйымдастырылған І курс студенттері арасында "Спорт-өмір көркі" атты спорттық би жарысын өткізіп, жүлде иегерлерін марапаттады: Бас жүлде 110 топ студенттері, І орын 104 топ студенттері, ІІ орын 103 топ студенттері, ІІІ орынды 115 топ студенттері иеленді.

“Чернобыль жаңғырығы” атты танымдық сағаты 11

26.04.2021 ж. Колледждің тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен кітапхана қызметкерлері 113 топпен Чернобыль апатына 35 жыл толуына орай «Чернобыль жаңғырығы» атты танымдық сағаты өтті.

Құқық бұзушылықтың алдын алу 12

16.04.2021 ж. Колледждің тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен Тараз қаласы ПБ ЖПҚБ ЮПБ УПИ полиция капитаны М.Д. Жигитбаев "Жол ережесі", "Қоғамдық орындар мен көліктердегі қалта ұрлығы", "Бопсалау" тақырыптарында колледж студенттерімен кездесіп, колледж қабырғасына алып келуге тыйым салынған заттардың алдын алу мақсатында рейд жұмыстарын жүргізді.

23.04.2021 ж. Колледждің тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен, студенттердің құқықтық сауаттылықтарын арттыру мақсатында ашық есік күні ұйымдастырылды. Ашық есік күніне колледж инспекторы, Тараз қаласы ПБ ЖПҚБ ЮПБ аға УПИ полиция майоры: Д.У. Маханов және Тараз қаласы ПБ ЖПҚБ ЮПБ УПИ полиция аға лейтенанты М.Қ.Егембердиева қатысып, қойылған сұрақтарға жауап берді.

05.04.2021ж. Колледждің тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен, І курс студенттері және ҚБАЖ меңгерушісі Р.Б. Усеновпен Жамбыл облыстық ПД мұражайына барып қайтты. Мұражай басшысы Г.Ю.Зияутдинова колледж студенттеріне халық қаһарманы Ғ. Байтасовтың ерлігі туралы және т.б. көптеген мағлұматтар беріп, бейнеролик көрсетіп, құқық бұзушылыққа жол бермеу, қылмыстың түбі жаза екендігін айтып, жеткіншектерді бұзақылық жасамауға шақырды.

Қайырымдылық акциясы 13

09.04.2021 ж. Колледж ұжымы ҚР Тәуелсіздігінің 30 ж. орай "30 игі іс" қайырымдылық акция аясында Тараз қаласы, Сельская №4 көшесінің тұрғыны А.Воинтқа денсаулығына байланысты, көмек ретінде дәрі-дәрмек пен азық-түлік берілді.

“Спутник-V” вакцинасын алу 14

13.04.2021 ж. Колледжінің әкімшілік мүшелері коронавирустық инфекциясына қарсы ресейлік "Спутник -V" вакцинасын ерікті түрде салдырды. Қазіргі таңда денсаулықтарына ешқандай кері әсері болған жоқ. Өздерін жақсы сезінуде.